

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВҚА 90 ЖЫЛ

Мұқағали Мақатаев «Қарасаздан ұшқан қарлығаш» деген өлеңінде: «Ей, безілдектер, Сендер емессіңдер маған баға беретін! Нағыз бағалаушылар әлі алда. Жылдар өтеді, жаңа ұрпақтар келеді, біздің әрқайсымызды солар орнымызға қояды. Ежелден солай болып келген, солай бола береді де. Мен өзім жайында мынаны айтам: мен жиырма бірінші ғасыр ұрпақтарының құрдасымын. Бәлкім, одан әрідегі ұрпақтардың туысымын да...», деп айтып кеткен екен.

Шынымен де, Мұқағали Мақатаевтың лирикалық поэзиясы – заманымыздың кешегі де, бүгінгі де талаптарымен үндесе алған дауылды жырдың үлгісі іспетті. Оның сырлы да мұңды жырларынан қуат алып, сусындамаған қазақ баласы кемде-кем шығар. Мұқағалидың әр өлеңі өзінің мағынасымен, шынайылығымен, тазалығымен оқырманын өзіне баурап алады және ой салады. Жаны – жайсаң, жүрегі – жылы, құшағы – кең ақынның тыныштықты аңсаған жалынды үні құлағыңнан кетпейді. Ол түсіністік пен тыныштықты, өзі аңсаған жылылық пен махаббатты өзі өмір сүрген ғасырдан ала алмаған соң, өзін ХХІ ғасыр ұрпақтарымен құрдас санаған. Шынымен, кезінде бағаланбаған ақынның өлеңдері, бүгінде жастардың аузынан түспейді. Мұқағалидың бірде-бір өлеңін оқып көрмеген адам жоқ. Бәлкім оның жаны қазіргі жастардың, біздің жанымызбен үндес болғаннан шығар.

Ақын поэзиясы – тұнған лирика. Мұқағали өлеңдерінің қайсысын қарасаңыз да ой мен сезімі қатар келген дауылды, ақиық ақынды тани

түсесіз. Махаббат, мұң, тіршілік, жүрек шымырлар тар сезім, жұмбақ сыр... Осының барлығын ақын өлеңдерінен көруге болады. Ол көтерген жүк тым ауыр. Себебі тек өзінің ғана емес, халқының да мұңын арқалап кетті. Мұқағали туған уақыт ашаршылық пен соғыс кезеңіне тұспа-тұс келді. Сол себепті, қиындықтың барлығын жұртымен бірге жұмыла көтерген ол, кеңес болмысының шынайы келбетін, өз ойын бүкпесіз айтудан тайынбаған. Бұл оның азаматтық борышы еді...

«Сөз өнерін дертпен тең» көрген парасатты қаламгер. Ақынның әр өлеңінде, әр шумағында бүкпесіз сыр жатқандай. Өлеңнің ырғағы мен тербелісінен оның қимылын, дауысын, мәнерін, мінез-құлқын тани түсеміз. Ол көп қырлы. Әр оқырман Мұқағалидың өзіне жақын деген қырынан таниды. Өйткені ол өлеңнен, өнерден сыр іріккен емес. Өлеңге өз жан дүниесін ашып, бізге, кейінгі ұрпақтарына жария етті. Сол себепті де Мұқағали шығармашылығын әлі де терең зерттеу қажет деп ойлаймын.

Билыл ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл. Ендеше осындай мерейлі күні ақынның мерейін асқақтата берейік. Бізге ХХІ ғасыр ұрпақтарына артқан үкілі үмітін ақтап, өлеңі мен өнерін дәріптеуден жалықпайық!

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы Кайрақбаева Г.С.,
Қоғамдық денсаулық сақтау факультетінің 1 курс студенті
Бегайдар Жайсаң Бауыржанқызы**

«ТҮРКСОЙ» ҰЙЫМЫ КЕЗЕКТІ ЫНТАЛАНДЫРУ ШӘКІРТАҚЫСЫН БЕРДІ

2021 жылдың 1 ақпанында ҚазҰУ-да Түрксой кафедрасының 2-4 курс студенттеріне «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымы атынан ынталандыру шәкіртақысын табыстау рәсімі өтті.

Студенттерді марапаттау рәсімінде түркі әлемінің бай мұрасын насихаттап, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың нығаюына қызмет етіп келе жатқан «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының бас хатшысы Дүйсен Құрабайұлы Қасейінов мырза сөз алып, ұйымының 2015 жылдан бері ҚазҰУ-дың сенімді серіктесі болып табылатындығын атап өтті.

Аталған ұйым Түрксой кафедрасын өз қамқорына алып, 2015 жылдан бастап, кафедра студенттерін ынталандыру мақсатында жыл сайын шәкіртақы тағайындап келеді. Биылғы пандемиялық қиын жағдайда да сол үрдіс бойынша үздік оқитын студенттер мен оқу ақысын төлеуге көмек ретінде жалпы соммасы 1 млн теңге көлемінде шәкіртақы берілді. Дәстүрлі түрде тағайындалып отыратын шәкіртақы болашақ түркітанушылардың білікті маман болып шығуы үшін оқуда үздік нәтиже көрсету мақсатында студенттерді ынталандыру үшін ұсынылады. Шәкіртақыны табыстау рәсіміне «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының бас хатшысы Д.Қасейінов және ұйымның Қазақстандағы өкілі А.Тұрғанбаев арнайы келді.

Ұйымның бас хатшысы дана ойшыл Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына университеттің үлкен үлес қосқанын, Стамбұл университетінің жанынан ашылған Әл-Фараби орталығы да университет басшылығының бастамасымен құрылғанын атап өтті. Сондай-ақ ұйым басшысы өткен жылы елімізде ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы тойланғанын, сол мерейтойға қосқан үлестерінің бірі ретінде шығарылған Халықаралық Абай медалімен ұлт мәдениетінің дамуына еңбек сіңірген тұлғалар марапатталатынын атап өтіп, аталған медалді университет ректоры Ғ.Мұтановқа табыстады.

Өз кезегінде Түркі халықтарының мәдениетін жақындастыру мен бай мұрасын сақтауда сүбелі үлес қосқаны және университетпен ұдайы байланыста болып, студенттерге қолдау танытқаны үшін ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов мырза университет ұжымы атынан ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымына алғыс білдірді.

Шәкіртақы иегерлері атынан 4 курс студент А.Изимова «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымына шексіз ризашылық білдіріп, болашақта жақсы маман иесі болатындығына сенім білдірді.

Түрксой кафедрасының аға оқытушысы
Жанатаева К.Б.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН САНДЫҚ ҚҰРАЛДАР

Мектеп бітіргеннен кейін түлектер алдында олардың өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі – оқу орнын таңдау тұр. Мен де еліміздің барлық жоғарғы оқу орындарын ұзақ сараптадым, менің назарым Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне түсті. Бұл университет көп жылдық оқу және ғылыми жұмыс тәжірибесіне бай. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының бас рейтингісінің көшбасшысы болып табылады.

Халықаралық ең танымал QS World University Rankings рейтингтік агенттігінің зерттеу қорытындысы бойынша ҚазҰУ 165-орынды иеленді және әлемнің ең үздік 200 университетінің қатарына енген алғашқы қазақстандық жоғарғы оқу орны болды. ҚазҰУ – талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Сыйластық пен шынайы достықтың мекені. ҚазҰУ – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін мекен. Сол себепті де мен өзімнің ҚазҰУ-да оқып жатқанымды өмірімдегі ең үлкен сәттілік деп санаймын.

«Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп Елбасымыз өз Жолдауында айтып кеткендей, қазіргі заман ағылшын тілін талап етуде. Бұл тіл қазіргі заманда жаһандық тіл болғандықтан, оның Қазақстандағы рөлі және болашақтағы маңызы зор. Сондықтан ҚазҰУ-де ағылшын тіліне үлкен мән береді. Қазіргі таңда онлайн білім алып жатырмыз. Бұл жағдайға да түсіністікпен қарау керек. Біз қазір сол жағдайға байланысты ағылшын тілін әртүрлі сандық құралдар арқылы меңгеріп жатырмыз.

ЖАОК-курс (жаппай ашық онлайн курс) – ҚазҰУ-нің 2015 жылы құрған оқу платформасы. Қазіргі заманғы қашықтықтан білім берудің қарқынды дамып келе жатқан түрі, ол пайдаланушыларды интернет арқылы оқыту курстары болып табылады. ЖАОК артықшылықтары өте көп. Онлайн оқыту студентпен кері байланыс жоқ дегенді білдірмейді. Керісінше ЖАОК курстың жетекшісі бізбен, яғни студенттермен байланысатын көптеген байланыс арналары бар. Студенттер ағымдағы онлайн курс бойынша қауымдастықты ұйымдастыруға мүмкіндік алады, онда олар бір-бірімен білімдерімен бөлісіп қана қоймай, тексерушілер ретінде де өрекет етеді.

Kahoot – бұл интерактивті тапсырмалар жасауға арналған онлайн сервис. Тесттер, сауалнамалар, викториналар жасауға мүмкіндік береді. Бұл платформаны пайдалану өте қызықты әрі тиімді. Платформаны кез келген адам жұмыс істеу кезінде пайдалануға болады.

FutureLearn – 2012 жылдың желтоқсанында құрылған сандық білім беру платформасы. Бұл Massive Open Online Course (MOOC) оқу платформасы. FutureLearn – бұл әлемдегі жетекші университеттер мен мәдени мекемелердің ақысыз курстарын ұсынатын онлайн-платформа. Барлық оқу бағдарламалары ыңғайлы түрде ұсынылған және кез-келген электронды құрылғыда қол жетімді.

FutureLearn – қашықтықтан және желілік білім беру саласында 40 жылдан астам тәжірибесі бар The Open University ұйымының бөлігі. Академиялық ұйым Ұлыбританиядағы және әлемдегі ең жақсы университеттермен жұмыс істейді. Оның серіктестеріне тіпті Ұлыбритания үкіметі кіреді!

Сонымен қорыта келгенде біз ҚазҰУ студенттері білім алуда шетелдік MOOC платформаларының ішінде ең жиі қолданып, ағылшын тілімізді дамытуға көп көмек болатын, ақысыз курс ретінде FutureLearn платформасын атап айтқымыз келеді. Онда тіл үйренуде барлық төрт саласын бірдей шыңдай аламыз: тыңдап түсіну, сөйлеу, оқу, жазу. Шетелдік студенттермен де сөйлесу, дискуссия арқылы қарым-қатынас жасау мүмкіндігі бар.

ҚазҰУ шет тілдері кафедрасының доценті Адилбаева У.Б.,
ҚазҰУ ақпараттық технологиялар факультеті Серікбаев А.

ОНЛАЙН ОҚУ мен ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЕГІЗ ӨРІЛІП КЕЛЕДІ



Ұлы Абай ХІХ ғасырда «Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы» деп жырлаған еді. Бүгінде көк аспанда көк туы желбіреген Қазақ елінің Әбу Насыр әл-Фарабидей ғұлама атын иеленген Қазақ Ұлттық университетінде талай қазақ баласы қашықтықтан білім алуда. Түрксой кафедрасының «Құтты білік» интеллектуалды клубының мүшелері «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақтың ұлттық ойындары» атты қысқа сюжетті видеоролик түсірді. Мақсаты – студент жастардың ақпараттық технологиялар мен жаһандану заманында түрлі-түсті мәдени ағым жетегінде кетпеу, рухани белсенділігін арттыру, ұлттық сана мен тәрбие ісінде ұлттық ойындардың маңызын көрсету.

Этномәдени ойындардың тарихы тым терең. Ұлттық ойын – әр ұлттың дәстүрлі этникалық мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, тарихы мен өмір сүру салтының ерекшеліктерінің көрсеткіші. «Ойын» сөзі әр халықта түрлі семантикамен беріледі:

ежелгі римдіктерде «көңілді», гректерде «балалық шақ», санскритте «ойын-сауық», «өзіл, күлкі», ескіславян тілдерінде «көңілді, көңіл көтеру», ал түркі тілдерінде «ойнау, билеу, көңіл көтеру, алдау», т.б.

Видео-ролик тақырыбы «Ұлттық ойындар» деп аталады. Қазақтың «Алтыбақан» «Қыз қуу», «Көкпар», «Ақсүйек», «Аударыспақ», «Бәйге», т.б. көптеген ұлттық ойындарын нысанаға алып, қысқа сюжеттік форматта түсірген. Қазақтың ұлттық ойыны тек күш пен батылдықты, елтілік, шыдамдылыққа ғана негізделмеген, сондай-ақ халықтың танымдық-философиясы де берік орныққан. Мысалы, «Аударыспақ» ат үстінде бір-бірін қолдарынан тартып, аттан құлатады. Сондай-ақ «Тоғызқұмалақ», «Ханталапай» сияқты халқымыздың зияткерлік ойындары туралы да әдемі көрсете білген.

«Аударма ісі» және «Шетел филологиясы» студенттері мамандығында оқитын студенттер қазақтың ұлттық киімін киіп, шаштарын бұрым етіп өріп, ұлттық әшекей бұйымдарын тағып қазақтың ару қыздары образдарын әдемі сомдап көрсетті. Топ кураторы, аға оқытушы Халел Агнур өз тобы арасында онлайнда оқып жүрген студент белсенділігін осылайша көтеріп келеді.

Бұл роликті студенттер өздері білім алып жатқан әлемдегі алдыңғы орынға шыққан Қазақ елінің көшбасшы университеті Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін мақтаншыпен паш ету болды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Шығыстану факультеті,
Түрксой кафедрасы
«Құтты білік» интеллектуалды клуб
жетекшісі
Кортабаева Г.К. филол.ғ.к.,
Дулаева Э.З. филол.ғ.к.